

**Май ауданы әкімдігі, Май селолық әкімі
апараты
«Балдырған» бөбектер бақшасы» МҚКК**

**Мектепке дейінгі мекемедегі
сергіту сәттерінің жинағы**

**Ермекова Жанбота Талгатовна
Тәрбиеші**

Май ауылы



Май ауданы әкімдігінің, Май селолық округі
аппаратының «Балдырған» бөбектер бақшасы»
МҚКК тәрбиешісі Ермекова Жанбота
Талгатовнаның оқу қызметтеріндегі
сергіту сәттерінің жинағына

Пікір

Оқу іс-қызметіндегі сергіту сәті мектепке дейінгі жастағы балалардың арасындағы әлеуметтік өзара қарым-қатынастың, ойын іс-әрекеттерінің дамуына әсер етеді. Сергіту сәті балалардың психологиялық және жеке тұлғалық түрде өсуіне көп көмегін тигізеді.

Жанбота Талгатовнаның бұл жинағы ұйымдастырылған оқу қызметтерінде көмекші ретінде таптырмас құралдардың бірі. Себебі, тәрбиешілер оқу қызметтерінде сергіту сәттерін қолдану арқылы балалардың сөздік қорын, сөйлеу мәнерін дамытады, балабақшаға тез бейімделеді.

Сонымен қатар, осы жинақ арқылы педагог баланың әлеуметтік мінез – құлқын, өз – өзіне деген сенімділігін дамытуды көздейді.

Ж.Т Ермекова сергіту сәттерін балалардың жас ерекшеліктеріне сай бөліп жинақтаған.

Педагогтың бұл еңбегі құнды, балабақша тәрбиешілері мен әдіскерлеріне қолдануға болатындығы, әрі қарай жалғасын табатындығы сөзсіз.

Б. Ахметов атындағы Павлодар педагогикалық колледжінің

Мектепке дейінгі педагогика және психология пәндерінің

жоғары санаттағы оқытушысы *С.А. Сәулет Балтірікқызы* Жанғазина



Түсінік хат.

Сергіту сәттерін өткізу әдістемесі әртүрлі. Соңғы уақытта ырғақ гимнастикасы ретінде өткізу кеңінен қолданып жүр. Жаттығуларды орындау 1-2 минут. Сонымен қатар ойын түрінде өткізілетін сергіту сәттерінде қызықты өтеді. Ойын түрінде балалар сөздің ырғағын, дәлдігін жақсы меңгереді. Қозғалыстар тақпақтың мазмұнына байланысты жасалады. Сергіту сәттері баланың жұмысқа қабілеттілігін арттырып, шаршауды ысырады. Қимыл-қозғалыс арқылы жаттаған тақпақ баланың ойында тез жатталып, көпке дейін естерінде сақтайды. Сергіту сәттері кезіндегі қимыл-қозғалысы дене бітімін жетілдірсе, іс-әрекеттегі амал-тәсілдері ой – сананың дамуына ықпал етеді, мінез-құлық әдеттерін бекітуге әсер етеді.

Ал, оқу іс-әрекетінің мазмұнына лайық сергіту сәттері балаларды сергітумен қатар, сөйлем мағынасын түсінуге көмектесіп, олардың ойлау қабілетін жетілдіре түседі.

Сергіту сәті – мектепке дейінгі балалардың дене бітімін, ой өрісін, миын тынықтыру, мүсінін қалыптастыру, сымбаттау, шаршағандықты басу т.б



Сергіту сәттерінің басты міндеттері:

- Дене жаттығуларымен шұғылданудың мәдени-тарихи, физиологиялық негіздері туралы оқушылардың білімдерін қалыптастыру.
- Саналы түрде қимыл- қозғалыстар орындауға, оларды дене мүшелеріне нақтылы ықпал ету жолдарына үйрету.
- Таныс жаттығуларды күрделендіріп, жаңа жаттығуларды үйрету арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибесін жинақтап, қимыл әрекетін дамыту.
- Дене жаттығуларын орындау біліктілігін арттыру арқылы дене бітімін қалыптастырып, қимыл -қозғалыс мәдениетін, қабілетін жетілдіру.
- Дене жаттығулармен өз беттерімен еркін шұғылдандыру жағдай жасап, ұйымдастырушылық біліктілігін қалыптастыру.

Сергіту сәті әрбір сабақтың 4 мин. пайдаланылады.

- I. Жыл мезгілдеріне.
- II. Денсаулық және экология.
- III. Математикалық сергіту.

Мақсаты:

Сергіту сәті арқылы сабақта алған білімдерін қимылдау арқылы ұштастыру, бекіту.



ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ

*Тәулік бойы тынбайтын,
Болайықшы, «Ақ жаңбыр»
Астан-кестен жауатын,
Өткінші енді біз жаңбыр. /сөзіне қарай қимыл/*

*Қырау қатып жазаға,
Аяз беттен өбеді.
Бірі мініп шанаға,
Бірі шаңғы тебеді. /қатты тоңады/*

*Тербеледі ағаштар,
Алдымнан жел еседі.
Кіп-кішкентай ағаштар,
Біп-биік боп өседі. /тербеледі, отырады, тұрады/*

*Жел улейді: у-у
Құйын келіп зүлейді: зу-зу
Қатты- қатты жел соқты: гу-гу,
Жапырақтар қол соқты: ду-ду. /қолмен оңға, солға
шапалақтау/*

*Таң атты, күн шықты,
Аспанды бұлт жапты.
Жел тұрды, жаңбыр жауды,
Найзағай сарт-сұрт етті
Біз бұға қалдық. /қолмен, саусақпен соғу, отыра қалу/*



*Қар астында сығалап,
Күлімдейді жауқазын.
Қар шытса қабақ, бұға тап
Дірілдейді жауқазын. /жауқазын дірілдейді/*

*Жел соқты ағаштар теңселді,
күн бұлттанып жаңбыр жуды.
Жаңбыр басылды күн ашылды. /қолмен күнді көрсету/*

*Жеткілдеген желменен
Жерде егін тербелген
Өсірген диқандар,
Тамшылаған терменен. /қолмен көрсету/*

*Тербеледі ағаштар,
Жылы-жылы жел соқты.
күлімдеген балалар,
Шуылдасып қол соқты. /қол соғу/*

*Қыста келіп қатты аяз
Екі бетті мұздатты.
Шаңғы теуіп бар бала,
Қыр үстінен заулатты.
/екі қолмен бетті уқалау, шаңғы тебу, таудан түсу/*

*Қоюланып тағы бұлт
Жаңбыр жауды себелеп?
Жапырақты жамылып,
бұға қалды көбелек. /Саусақты тарсылдату, бұға қалу,
көрсету/*

*Жел еседі, еседі,
Теңіз толқиды, толқиды.
Кіп-ішкентай ағаштар,
Үлкен болып өседі. /жерге отыру, толқу, біртіндеп тұру/*

*Жаңбыр-жаңбыр себелесе,
Тырс-тырс етіп төбеме.
Найзағай, жарқылда,
Сырт-сырт етіп сыртылда. /саусақпен соғу,
тарсылдату/*

*Таң атқанда күн шығып,
Гүл ашады қауызын.
Желмен бірге тербеліп,
Теңселеді ақырын. /гүл ашады, тербеледі, оңға, солға
қозғалады/*

*Күн жарқырап тұрады,
Кеннет бұлттар пайда болды. /аспандағы бұлтты
көрсету/*

*Торғай, торғай, торғайсың,
Таяу келіп қонғайсың.
Жем шашайын, тойып ал,
Сонда аязға тоңбайсың. /торғайдың бейнесін көрсету/*

*Тырна келді тыраулап,
Тіліп өтіп аспанды.
Қыздар көлде жүр ойнап,
Көктем айы басталды. /қимылмен көрсету/*

*Отырайық, жүрелеп,
Гүлді үзіп алайық.
Орнымыздан түрегеп,
Басқа гүлге барайық /отыру, гүлді үзу, тұру/*

*Біз кішкентай балдырған,
Сескенбейміз жаңбырдан.
Төбемізге қол шатыр,
Алдымызда жол жатыр. /дөңгелеп тұру, қооды
жоғары созу/*

*Қарлығашқы ұқсайық,
Қане, қанат қағайық.
Қарлығаш боп ұшайық.
Ұшып-ұшып алайық. /қолды жаю, қағу, ұшу/*

*Бүгін ерте тұрайық,
Сауық сайран құрайық.
Зообаққа барайық
Тамашалап қайтайық. /қимылмен жаттығу/*

*Түн болып, таң атты
Жел соғып, боран соқты.
Кеннет тына қалды. /қол соғу/
Төбемнен қар жауады,*

*Боран бетке соғады.
Ойнап жүрген балалар,
Қызарып беті тоңады.
/қардың жаууы, алақанмен қимыл, тоңғанын көрсету/*

ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ

*Қолды созып алдыңа,
Қайшылашы беріліп.
Ұста мұны жадында,
Кеудең тұрсын керіліп. /қолды созып, қайшылау,
керілу/*

*Бүйір таян сол қолмен,
Көтер қанат оң жақтан.
Қайталашы сол жолмен,
Иіліп тез, сол сақтан. /бүйір таяну, оңды, солды иілу/*

*Алмастырып қолыңды,
Серме енді қаттырақ.
Қимылдатар жаныңды,
Қозға иықты, сақ бірақ. /иықты қозғау, қимылдау/*

*Тірей бүйір тағзы да,
Қолың тұрсын оңаша.
Алды-артына жаныңа,
Керілші кең доғаша. /керілу, доға жасау/*

*Қозғалт қолды иықтан,
Әрі-бері сермелеп.
Жауырыныңа ұйып қан.
Қалмас үшін, терлеп кеп. /қолды артқа қою, алды-
артқа айнал/*

*Шалқай артқа барынша,
Қос құлашты керіп кеп.
Қинағаны бармұнша
Деме, жаса, сергек тек. /артқа шалқаю, қолды керу/*



*Тiп-тiке ғып бойыңды
Мықыныңнан ұсташы
Күтiрлетiп мойныңды
Айналдыршы, қысқасы. /қолды мықынға қойып,
мойныңды айналдыру/*


*Еңкей төмен тiзеден,
Бостау ұстап белiңдi.
Серпiл, қайта үзе дем,
Көтер қолды сенiмдi. /демалу, қол көтер/*

*Қимылдасаң дұрыстап,
Күш өседi еселеп.
Бойың жүрмей құрыстап,
Жуымайды кесел тек. /қимылмен көрсету/*

*Бiрiн тiреп бiреуiн,
Серпiп аяқ қизаштап.
Бүйiрдегi тiреуiң,
«Ф» әрнi тұрған тап. /ф-әрнiн көрсету/*

*Ишке тартып ауаны,
Демiңдi алшы тереңнен.
Денсаулықтың жауабы,
Қайталасаң, сенем мен. /терең дем алу/*

*Күнде жасап жаттығу,
Қан жүгiртiп алалық.
Керек мұны қатты ұғу,
Жасап биiк саналық. /қимылмен көрсет*



*Орманның біз елшісіміз,
Тоқ-тоқ-тоқ.
Құрт біткенді жоқ етеміз,
Жоқ-жоқ-жоқ.
Тоқ-тоқ-тоқ,
Жоқ-жоқ-жоқ. /тоқылдақша қимыл/*

*Тік ұстап денеңді,
Сапқа тұр, сен, енді.
Жанға сен шынығу,
Жаттығып тынығу.
Сымбатты болу да,
Өзіңнің қолында. /сөзіне қарай қимыл/*

*Біз гүлдерше өсеміз,
Жапырағы жайқалған.
Сабақтары салады,
Желге ырғалып шайқалған. /гүлше қимыл жасау/*

*Орнымыздан тұрайық,
Алақанды ұрайық.
Бір отырып, бір тұрып,
Біз дем алып алайық. /отырып, тұрып қимыл жасау/*





*Желкілдеген терекпіз,
Біз саямыз, керекпіз,
Өзен бойлап өсеміз.
Өзен біздің көшеміз.
Көшемізге қараймыз,
Кемелерді санаймыз. /екі қолды көтеру, ырғау, беске
дейін санау/*

*Кейде өсеміз сайда біз,
Сайдың суы айнамыз.
Айналамызға қараймыз,
Шашымызды тараймыз.
/шашты тарау, жан-жаққа қарау/*

*Тыныстайық тереңнен,
Жүгірдің де қарғыдың.
Жардыңдар барлығың,
Шаршадыңдар, дегенмен,
Тыныстаңдар тереңнен.
Қане «У-п» деп айтайық,
Демді ішке тартайық.
Енді «У-п» деп айтайық,
Демді шығар қайтарып. /терең демал/*

*Жылы, таза суда,
Балық жүзіп ойнауда.
Біресе керіледі,
Біресе жиырылады.
Ал енді бірде құмға тығылады. /жүзу, тығылу/*



*Топ-топ-топ басайық,
Жалаудан күн жасайық.
Жаса-жаса, жарқын күн,
Жаса-жаса, алтын күн. /күнді бейнелеу/*

*Там-там, тамшы там,
Тамшы там нөсерлет
Тамшыдан өсер көк. /саусақпен тамшы көрсету/*

*Отырып-ақ орнымда,
Айдын көлді кешемін.
Сен білмесең егер де,
Былай ескек есемін. /ескекті қайықты көрсету/*

*Вагондарды тіркеп бәрін,
Жүкті артып кеттім тартып.
Темір жолшы, Абай болшы.
Жол ашып қой, жер қашық қой.
Бө-бө-бө бөгеме.*

*Ұшты-ұшты қаңбақ ұшты,
Қармақ ұшты, қаңбақ ұшты,
Үйрек ұшты, үлек ұшты,
Бүркіт ұшты, бір кит ұшты.
Аққу ұшты. /құстар болып қимылау/*

*Ұсталардай тәрбылдатып,
Шегені де қағамыз.
Әшекейлеп, әдемілеп,
Қағазды да қиямыз. /шеге қағу, қайшымен қию/
Орманның біз емшісіміз,*

Математикалық сергіту




Кел, балалар, кел бері.
Қыздырайық денені.
Орнымызда тұрып-ақ.
Жүгірейік бір уақ.
Бір, екі, үш.
Бір, екі, үш
Екпіндей түс.

Үш саусағым орамды,
Жүгірмеді қаламды.
Өнерлі екен он саусақ,
Қала салсақ, жол салсақ. /үш саусақ, алақан/

Мені келсе білгің,
Мен таяқша бірімін.
Барлық санға жол бастап,
Ең бірінші тұрмын.

Бірден кейін тұрамын,
Бірден кейін тұрағым.
Бірге бірді қосқанда,
Мен шығамын, шырағым.
Мен шығамын, шырағым.

Он қолымда бес саусақ,
Сол қолымда бес саусақ.
Беске бесті қосқанда,
Болып шықты он саусақ.





*Биік-биік таулар деп,
Қызыл жасыл баулар деп.
Қаһармен ел қазақ деп,
Болашағы зажап деп,
Жан-жағмызға қараймыз.
Бір, екі, үш, төрт, бес деп санаймыз. /сөзіне қарай қимыл/*

*Алдымен жел еседі,
Тербеледі ағаштар.
Кіп-кішкентай өскіндер.
Біп-биік боп өседі. /ағаш, жел болып қимылдау/*

*Бас бармағым – алғашқы,
Балаң үйрек – жағасы
Ортан Терек – ағасы
Шылдыр шүмек – нағашы
Кішкентай бөбек-балақан
Бәріне ортақ – алақан. /алақанмен көрсету/*

*Теңіз толқиды, бір
Теңіз толқиды екі.
Теңіз толқыы үш.
Буырқанады, буырқанады
Одан соң қайта тына қалады. /толқын, қимыл/*

*Соз оң қолды оң жаққа,
Соз сол қолды сол жаққа.
Қолды айналдыр бұлданбай,
Шеңбер жасап тұрғандай. /шеңбер жасау, қимылдау/*



*Екі қанат қазды бар,
Сайрандайды сазда олар
Екі қанат құрда бар,
Құр ауласаң қырға бар. /қимыл көрсету/*

*Тау басында төрт бала,
Кезек-кезек ойнаған.
Төрт баланың қолына
Төрт айды әкеп байлаған*

*Қаздың да екеу аяғы,
Құрдың да екеу аяғы.
Екеуінің аяғы,
Төрт болады баяғы. /қимылмен көрсету/*

*Мен бұрышпын, бұрышпын,
Негізгі тікбұрышпын.
Доғал, сүйір, жазыңқы,
Тік түрлері бұрыштың. /қолмен көрсету*

*Алты алманы алды Алма,
Алды алманы Алдан да
Алдан, Алма алды алма
Айтшы қанша алды алма.*

